



ХҒТАР 14.35.07
Ғылыми мақала

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2024-148-3-74-88>

Болашақ әлеуметтік педагогтердің эстетикалық мәдениетін бейнелеу өнері арқылы қалыптастыру

Е.А. Иманбакиев*^{ORCID}, Н.С. Алгожаева^{ORCID}

ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

(E-mail: 1988_era_88@mail.ru, nalgozhaeva@mail.ru)

Аңдатпа. Мақалада болашақ әлеуметтік педагогтердің эстетикалық мәдениетін бейнелеу өнері арқылы қалыптастырудың мүмкіндіктері, маңыздылығы қарастырылған. Әлеуметтік педагогтің мәдени құзыреттілігінің бір бөлігі ретіндегі эстетикалық мәдениет, өмірлік әртүрлі жағдайларға тап болған білім алушыларды оңалтуға, оларға тиімді шешім қабылдау үшін көмектесуге, білім алушылардың ата-аналарын әлеуметтік педагогикалық қолдауға, педагогикалық ұжымдағы жайлы ахуалды сақтауға септігін тигізеді. Студенттердің эстетикалық мәдениетін қалыптастыру аясындағы зерттеулердің тарихы терең болғанымен, болашақ әлеуметтік педагогтердің өз қызметінде оны тиімді пайдалануы, эстетикалық мәдениетті бейнелеу өнері арқылы қалыптастыруы, жаңа зерттеу тақырыбы ретінде ізденістер мен тәжірибелерді қажет етеді. Зерттеудің теориялық бөлімінде эстетикалық мәдениет ұғымына талдау жасалып, ғылыми еңбектердегі эстетикалық мәдениеттің құрылымы қарастырылды. Зерттеу мәселесі бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері сарапталды. Тәжірибе жүргізу барысында сауалнама арқылы болашақ әлеуметтік педагогтердің эстетикалық мәдениетінің деңгейі анықталып, студенттер бақылау және эксперименттік топқа бөлінді. Эксперименттік топтағы студенттерге авторлар құрастырған он сағаттық қысқа курс және бейнелеу өнері саласының мамандарынан семинар-практикум ұсынылды. Курс тақырыптары эстетикалық мәдениеттің негізгі ұғымдары мен әлеуметтік педагог қызметіндегі бейнелеу өнерінің мүмкіндіктері, оны қолдану ерекшеліктерін қамтиды. Семинар-практикумда студенттер көркем шығармалармен танысып, ондағы негізгі ойды «оқуға», шығармадан автор күйін байқауға, өз ойын, көңіл күйін бейнелеу өнерінің техникалары арқылы жеткізуге қатысты білімдерін арттырды. Зерттеу тәжірибесінің нәтижелері талданып, курс пен семинар-практикумның болашақ әлеуметтік педагогтердің эстетикалық мәдениетін бейнелеу өнері арқылы қалыптастырудағы тиімділігі анықталып, қорытындылар жасалды.

Түйін сөздер: болашақ әлеуметтік педагог, эстетикалық мәдениетті қалыптастыру, бейнелеу өнері.

Кіріспе

Әлеуметтік педагогика жаңа ғылым болғанымен, әлеуметтік педагог маманының білім беру ұйымдарында алатын орны ерекше. Әлеуметтік педагог - ол тәрбиеші, сынып жетекшісі, тәлімгер емес, ол белгілі бір нормадағы қызметті үйлестіруші. Р.С. Касымованың айтуынша, оның негізгі қызметі – адамды өмірге, қоғамға бейімдеу. Білім беру ұйымындағы әлеуметтік педагогтің басты мақсаты – оқушының әлеуметпен жан-жақты қарым-қатынас ортасын құру [1].

ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылдың 15 желтоқсанындағы №500 бұйрығымен бекітілген «Педагог» кәсіптік стандартындағы әлеуметтік педагогтің кәсіби қызметінің білік пен дағдыларына сәйкес, әлеуметтік педагог білім алушылардың бос уақытын және шығармашылық іс-шараларын игеруіне бағытталған жұмыстарды ұйымдастыруда құзыреттіліктерге ие болу керек [2].

Сондай-ақ қазақстандық білім берудің бағдарламалық құжаттарында қазіргі кезеңдегі білім беру сапасының өсу шарттарының бірі ретінде – жеке тұлғаны рухани тәрбиелеу мақсатында этикалық қағидаттар мен эталондарды қалыптастыру және дамыту құралы ретінде, өнердің моральдық әлеуетін кеңінен қолдану қажеттілігі атап өтіледі. Бұл ереже өсіп келе жатқан ұрпақты әлеуметтік педагогикалық бейімдеуде, қолдау көрсетуде, олардың эстетикалық мәдениетін қалыптастыратын көркемдік-педагогикалық білім мен кәсіби дайындығы саласындағы стратегиялық жоспардың қажеттілігін байқатады.

Әлеуметтік педагог өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуына тікелей әсер ететін маман болғандықтан, кәсіби педагогикалық, әлеуметтік педагогикалық, педагогикалық-психологиялық құзыреттіліктерден бөлек, өнердегі және қоршаған әлемдегі сұлулықты бағалаудың нақты критерийлері бар моральдық-эстетикалық бағдарларға ие болуы керек. Сондай-ақ педагогикалық шеберліктен де тыс, әлеуметтік педагог оңтайлы әлеуметтік педагогикалық бейімдеуде, жасөспірімдерді әртүрлі өмірлік жағдайларда қолдауда эстетикалық мәдениетті тасымалдаушы ретінде де, өз қызметін шеберлікпен жүзеге асыруы тиіс.

«Мәдени көзқарас студенттің мәдениеттегі жеке басын анықтау үшін жағдай жасауды қамтиды, ал оны «игеру» – бұл жеке тұлғаны ашу, өз бойында мәдениет әлемін құру процесі. Педагогикалық процесті мәдениеттер диалогы ретінде қарастыру оны әртүрлі мәдениеттерге ашық етеді», – деп белгілі педагог В.А. Слостенин айтпақшы, болашақ әлеуметтік педагогтердің эстетикалық мәдениетін қалыптастыру – болашақ маманның өскелең ұрпақпен жұмыс жасауында, оқушының жеке тұлғасын ашуға, бойындағы басым қабілеттерін дамытуға ықпал ете алады.

Студенттердің болашақ әлеуметтік педагогикалық тәжірибесінде мәдениет белгілі бір құндылық ретінде көптеген мәдениеттердің үйлесімін білдіргенімен, педагогикалық және эстетикалық – екі мәдениеттің басымдығы айқын білінеді. Педагогикалық мәдениет – педагогикалық құндылықтардың динамикалық жүйесі, педагогикалық имидж, іс-әрекет, мінез-құлқының жиынтығы болып, әлеуметтік педагогикалық қызметті оңтайлы жүзеге асыруға ықпал ететін болса, эстетикалық мәдениет оқушылармен ортақ қызығушылық негізінде жұмыс жасауға әсер етеді.

Эстетикалық мәдениет өзінің полифункционалдылығына байланысты адамның әлеммен қарым-қатынасының барлық байлығын қамти отырып, оларды Сұлулық Заңына сәйкес құрастырады. Тұлға құрылымында жұмыс істей отырып, эстетикалық мәдениет әлеуметтік педагогтің кәсіби және педагогикалық қызметінің барлық аспектілеріне әсер етеді, оқушылардың гуманитарлық шығармашылық бастамасын ашуға алып келеді.

Эстетикалық мәдениеттің ерекше құрамдас бөлігі – бейнелеу өнері, себебі мұнда эстетиканың барлығы шоғырланған. «Сұлулық Заңдарына сәйкес» жүзеге асырылатын бейнелеу өнері білім алушылардың құндылық бағдарын анықтайды, креативті және асоциативті ойлауды дамытады, өнер мен шынайы өмірді эстетикалық қабылдауға, бағалауға үйретіп, эстетикалық даму мен тәрбиеге алып келеді.

Студенттердің эстетикалық тәрбиесі мен дамуының нәтижесі олардың эстетикалық мәдениеті болып табылады, ол эстетикалық таным аспектісін, эстетикалық критерийлер мен бағаларды қолдану аясын кеңейтеді. Бүгінгі цифрлы революция заманында цифрлық құралдар мен гаджеттер адам өмірінің ажырамас бөлігіне айналып, күйзеліс, асығыстық, тез шаршау, жалығу сынды сезімдерді көбейтуде. Ал бейнелеу өнері арт-терапияның бір бөлігі ретінде, ой-сананың шоғырлануына, жинақталуына, тынышталуына әсер етіп, күйзелістің, тіпті кәсіби деформацияның алдын алады. Осы тұста, болашақ әлеуметтік педагог оқушылармен қатар, ата-ана, педагогикалық ұжыммен әртүрлі өмірлік жағдайларда жұмыс атқаратындықтан, бейнелеу өнерінің ерекшелігі – оның жұмыс құралының бірі болуы әбден мүмкін. Бейнелеу өнері арқылы болашақ әлеуметтік педагогтердің эстетикалық мәдениетін қалыптастыру – қазіргі цифрлы қоғамның көркемдік өнерге мұқтаждығының бір шешімі бола алады. Сондай-ақ болашақ әлеуметтік педагогтердің эстетикалық мәдениетін бейнелеу өнері арқылы қалыптастыру – өзінің мәні мен құрылымын, сондай-ақ университеттің білім беру процесінде оның қалыптасу мүмкіндіктерін нақты түсінуді, зерттеуді қажет етеді.

Болашақ әлеуметтік педагогтің жеке басының эстетикалық мәдениеті – бұл ғылыми-мәдени және педагогикалық құбылыс, оны зерттеу жалпы философиялық, философиялық-эстетикалық, мәдениеттанулық, әдіснамалық, жалпы педагогикалық және көркемдік-шығармашылық көзқарастар тұрғысынан тұтас қарастыруды көздейді.

Эстетикалық мәдениет жаңа ғылым емес, ол туралы зерттеулер антикалық дәуірдегі эстетиканың фундаменталды философиялық теорияларына бастау алады. Сәйкесінше, Сократ, Платон, Аристотель, Парменид, А. Баумгартен, М.М. Бахтин, В.С. Библер, Г.В. Гегель, М.С. Каган, И. Кант, О.А. Кривцун, А.Ф. Лосев, Ю.М. Лотман, В.И. Самохвалова, Ф. Шиллердің еңбектерінде эстетика туралы зерттеулерді кездестіре аламыз.

Тұлғаның эстетикалық мәдениетін дамытудың философиялық аспектілері Г.З. Апресян, А.И. Буров, А.И. Конинова, Б.Т. Лихачевтың еңбектерінде, ал эстетикалық сана мен эстетикалық іс-әрекет зерттеуінің негізі болған психологиялық зерттеулер Н.Н. Волков, Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, Б.М. Теплов, П.М. Якобсон сынды ғалымдардың зерттеулерінде қарастырылады.

Елімізде де эстетикалық мәдениет саласын зерттеуші ғалымдар жетерлік. Жас буынды эстетикалық тәрбиелеу мәселелерін зерттеуші ғалымдардың қатарында Қ. Сыздықов,

А. Бейсенбаев, А. Түрбекова, Х. Арғынбаев, С. Қалиев сынды ғалымдардың бар екендігін атап өте аламыз. Сондай-ақ, К.Ж. Қожахметова, М.Е. Демеуова еңбектерінде «Эстетика арқылы әр түрлі салалардағы шығармашылықтың қажеттіліктері мен адамның барлық рухани қабілеттері дамиды. Өнер құралдары арқылы сана сезімі жоғары дамыған мәдениет әлемінде және адамдармен қарым-қатынаста өзін-өзі көрсете алатын жаңа адамдар қалыптасады» - деп эстетиканы адамды жеке шығармашылық іс-әрекеттерге, жаңа мәдениеттілікке жетелейтін педагогикалық-гуманистік маңызды бөлшектерінің бірі ретінде қарастырады [3].

Х. Алмаханованың зерттеулеріне сәйкес, эстетикалық мәдениет – сыртқы факторларға, әлеуметтік ортаға, көркем мәдениеттің құндылықтарына, сұлулық заңдарымен қоршаған шындықты игеру тәжірибесіне байланысты болып табылады [4]. Н.М. Мейрамовтың зерттеуінше, эстетикалық мәдениетті қабылдауды жүйелі, мақсатты түрде оқыту негіздері, ерте жастан, атап айтқанда мектеп жасынан басталуы керек [5].

Оқушыларды өнер арқылы тәрбиелеуді адамгершілік, әлеуметтік, патриоттық, этномәдени, еңбексүйгіштік аясында зерттеген ғалымдар – қатарына У.М. Абдигапарова [6], З.Ж. Рабилова [7], З.С. Батчаева [8], А.Ш. Абдраманұлы, Е.В. Артыбаева, М.Ж. Козыбакова [9], С.А. Ұзақбаева [10] сынды ғалымдардың диссертациялық еңбектерін де ерекше атап өтуге болады.

Зерттеу объектісін көп өлшемді зерттеудегі соңғы ғылыми жетістіктерге сүйене отырып, университет студенттерінің, яғни болашақ әлеуметтік педагогтердің, ең алдымен, жеке басының эстетикалық мәдениетін дамытуды сызықтық емес дамудың жалпы заңдылықтары мен ерекшеліктеріне ие процесс ретінде қарастырған жөн. Мұндағы күрделілік эстетикалық мәдениеттің дамуы жеке тұлға, мәдениет, өнер сияқты жаһандық жүйелердің өзара әрекеттесуіне, сондай-ақ осы жүйелер жұмыс істейтін әлеуметтік-мәдени динамиканың өсіп келе жатқан процестеріне байланыстылығында болып отыр.

Әлеуметтік-мәдени динамикадағы қарқынды өзгерістер, цифрлы, постиндустриалды қоғамның сын-қатерлері білім беру процесінің алдына жеке тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруына ықпал ететін гуманистік көзқарасқа қайта бағдарлау проблемаларын қояды, ал ЖОО педагогикасының алдында болашақ маманды даярлау процесін жалпы мәдени жетілдіру міндеттері тұрғандықтан, оның аясында бейнелеу өнері арқылы болашақ әлеуметтік педагогтің эстетикалық мәдениетін дамыту маңызды орын алады.

Қазіргі өтпелі кезеңнің күрделі жағдайларында жастардың эстетикалық мәдениетін дамыту – адам өмірінің іргелі негіздерін түсіну жолдарын іздеуді, болашақ өз шәкірттерінің дүниетанымдық ұстанымдарын дамытуды қамтитын жаһандық проблема.

Қоғам мен тұлғаның эстетикалық мәдениеті адамның трансформациялық, коммуникативті, танымдық және бағалау іс-әрекетімен байланысты объективті қолданыстағы функциялары бар жүйе ретінде, қазіргі заман маманы – мәдениет тасымалдаушысы мен оның субъектісінің тұлғасын қалыптастыру тетігі ретінде белсенді қолданудың нақты алғышарты бола алады.

Болашақ әлеуметтік педагогтердің эстетикалық мәдениетін бейнелеу өнері арқылы қалыптастыруды зерттеуде «эстетикалық мәдениет» кілттік ұғым болғанымен, оны

зерттеу табиғатына сәйкес келетін «үш жақты қарау: пәндік, функционалдық және тарихи» тұрғысынан «тұлға – мәдениет – өнер» жүйесі негізінде жүзеге асырылады.

Қазіргі ғылыми зерттеулердегі мәдениеттің бастапқы ұғымдары эстетикалық мәдениеттің мәртебесі мен ерекшелігімен тікелей байланысты. Ең алғашқы ерекшелігі ретінде, іс-әрекетті атап өте аламыз. Себебі, іс-әрекет – адам өмірінің негізгі сипаттамасы, қозғалтқышы бола отырып, адамзаттың біртұтас жүйе, әмбебап бөлік ретінде тұрақтылығы мен үздіксіз дамуын қамтамасыз етеді. Ал мәдениет іс-әрекет тәсілі ретінде, оның имманентті механизмі (технологиясы), оның нәтижелері (технологиялық инновациялар, материалдық және рухани құндылықтар түрінде) және ең бастысы, оның адамгершілігінің интегралды көрінісі ретінде әрекет етеді. Адам мәдениетте іс-әрекеттің субъектісі және объектісі бола отырып, өзінің маңызды күштерін, өзін-өзі тану мен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын жүзеге асырады.

Осыдан мәдениеттің үш түпкі сипаттамасын ажыратуға болады:

– гуманистік – адам мәдени шығармашылық қызметтің субъектісі және объектісі ретінде;

– технологиялық – адам өмірінің репродуктивті және шығармашылық процестерінің жиынтығы;

– продуктивті – адам тіршілік әрекетінің нәтижелерінің жиынтығы.

Бұл триадада маңызды рөл адами факторлардың әсері иеленіп, біршама қарама-қайшылықтарды туындатады. Адам іс-әрекеттің субъектісі ретінде мәдени бағдарламаларды өзі белгілеп, өзі жүзеге асырады және олардың нәтижелерін де өзі бағалайды. Бұл тұста, адамның – индивид, сондай-ақ белгілі әлеуметтік топтың, қауымдастықтың құрамдас бөлігі екендігін ескеру керек. Демек, мәдениеттің негізгі субъектісі – жеке тұлға ма, әлде қоғам (әлеуметтік топ) ба, қарама-қайшы ойлар көп. Дегенмен, қазіргі ғылымның пайымдауынша, адами қатынастардың өзін-өзі қамтамасыз ететін жүйесі ретінде интегралды тұтастықты (жеке адамдардың қарапайым қосындысы емес) қабылданған қоғам ғана кеңістіктегі және уақыттағы мәдениеттің дамуын қамтамасыз ете алады, өйткені ол барлық масштабтағы және сорттағы мәдениеттердің толық және үздіксіз диалогына жағдай жасайды.

Сондай-ақ қазіргі заманғы тәсілдер аясында дәстүрлі және инновациялық тұрғыдан эстетикалық мәдениеттің құрылымына эстетикалық сезімдер, эстетикалық білім, эстетикалық талғам, эстетикалық пайымдаулар, эстетикалық көзқарастар, эстетикалық шығармашылық, эстетикалық нормалар мен идеалдар біріктірілген (1-сурет).

Біздің зерттеу жұмысымызда болашақ әлеуметтік педагогтің эстетикалық мәдениеті жеке тұлға ретінде емес, үздіксіз мәдени байланыста болатын адамзат қауымдастығының мүшесі ретінде қарастырылып, бейнелеу өнері арқылы қалыптастырудың мүмкіндіктері анықталады.

Зерттеу әдістері. Зерттеу жүргізу барысында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы бойынша білім алатын 1-4-курс студенттерінен 97 студенттің эстетикалық мәдениетінің деңгейі анықталды. Әр курс бойынша студенттер бақылау және эксперименттік топ болып бөлінді. Бақылау тобында 49 студент, эксперименттік топта 48 студент болды.

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында студенттерге бейнелеу өнерінің мамандарының қатысуымен шеберлік сабағы жүргізілді.

Зерттеу жұмысының тәжірибелік бөлімі үш кезеңді қамтыды:

- диагностикалық кезең – бақылау, әңгімелесу, анкета, сауалнама негізіндегі педагогикалық диагностика;
- қалыптастырушы (студенттерді клубтардың, студиялардың, секциялардың, көркем-шығармашылық үйірмелердің жұмысымен таныстыру, шеберлік сабақ);
- нәтижелерді бағалау (әдістердің, соның ішінде математикалық статистиканың көмегімен алынған нәтижелерді талдау).

эстетикалық сезімдер	• адамның шындыққа деген эстетикалық қатынасының тікелей эмоционалды тәжірибесі
эстетикалық білім	• ғылыми-теориялық және практикалық сипаттағы ақпарат, біздің жадымызда сақталған эмоционалды-эстетикалық ақпарат.
эстетикалық талғам	• шындықтың эстетикалық маңызды құбылыстарын бағалау және түсіну критерийлерінің жеке адамның санасында қалыптасқан жүйесі
эстетикалық пайымдаулар	• заттардың немесе құбылыстардың эстетикалық маңыздылығы туралы теориялық емес мәлімдемелер, эстетикалық талғамның ауызша көрінісі
эстетикалық көзқарастар	• теориялық сипаттағы мәлімдемелер, эстетикалық бағдарларды дәлелдеу
эстетикалық шығармашылық	• эстетикалық сезімдерді білдіруге байланысты шығармашылық қабілет
эстетикалық нормалар мен идеалдар	• сұлулық заңдары мен оның адам өмірінде көріну тәсілдері туралы тарихи қалыптасқан және заң сипатын қабылдаған идеялар;

1-сурет. Эстетикалық мәдениет құрылымы

Бірінші кезеңде студенттердің эстетикалық мәдениетінің бастапқы деңгейін анықтау қажет. Осыған байланысты педагогикалық диагностиканың негізгі ұғымдарды контент-талдау, сауалнама, эссе, тест, өзін-өзі бағалау әдісі, сараптамалық бағалау сынды әдістері жүргізілді.

Студенттік жаста эстетикалық мәдениетті дамыту критерийлері эстетикалық білімнің жеткіліктілігі (эстетикалық көзқарас), эстетикалық көзқарастың қалыптасуы, эстетикалық іс-әрекетке қатысу болып табылады.

Зерттеу жұмысының мақсатын жүзеге асыруда философиялық, психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік-педагогикалық әдебиеттерді зерттеу және талдау; эстетикалық

калық мәдениеттіліктің критерийлерін белгілеу; педагогикалық тәжірибелерді талдау және жалпылау; педагогикалық эксперимент; анкета, әңгімелесу, сауалнама жүргізу; салыстырмалы талдау жасау; алынған мәліметтерді жүйелеу және жалпылау, математикалық статистикалық өңдеу сынды ғылыми теориялық, эмпирикалық әдістер қолданылды.

Зерттеудің қалыптастырушы кезеңінде келесідей міндеттер қойылды:

1. 1-4 курс студенттерінде қалыптасқан эстетикалық мәдениеттің деңгейін анықтау.
2. Педагогикалық тәжірибеден өту кезінде студенттердің оқушы, ата-ана, педагогикалық ұжыммен жұмыс жасаудағы қиындықтарды анықтау.
3. Студенттердің эстетикалық мәдениетін қалыптастырудағы арнайы пәндердің рөлі мен маңыздылығын анықтау.

Қалыптастырушы эксперимент мыналарды қамтыды:

- Бейнелеу өнері бойынша студенттермен сурет, кескіндеме және композиция бойынша бағдарламаларды талдауға бағытталған семинар-практикум;
- студенттердің академиялық және шығармашылық жұмыстарына талдау жасау;
- әңгімелесу;
- студенттердің бейнелеу өнері туындыларын бақылау тапсырмалары;
- алынған нәтижелерді өңдеу және талдау.

Экспериментті ұйымдастыру және жүргізу барысында студенттердің бойында қалыптасатын эстетикалық мәдениетінің өлшемдері мен деңгейлері басшылыққа алынды.

Талқылау және нәтижелер. Бейнелеу өнеріне негізделген бір ғана семинар-практикум студенттердің эстетикалық мәдениетінің жоғары деңгейіне кепілдік бермейді, ол үшін көркемдік-эстетикалық тәрбие процесін университеттің әлеуметтік-мәдени тәрбие кеңістігін құру және оның жұмыс істеу жүйесін құру негізінде жүргізу қажет. Сол себепті де, зерттеудің тәжірибелік бөліміне студенттердің эстетикалық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған курс бағдарламасы апробацияланды.

Зерттеудің тәжірибесін құру кезінде студенттердің эстетикалық мәдениетін бейнелеу өнері арқылы қалыптастырудың мақсаттары мен міндеттерін анықталып, олардың негізінде студенттерде қалыптасатын көркемдік-эстетикалық тәрбиенің компоненттері айқындалды. Оларға жүйелі жалпы көркемдік және бейнелеу өнері туралы білім; өнер туындыларына құндылық қатынасы, көркемдік және шығармашылық қызмет тәжірибесі; бейнелеу және басқа да өнер түрлеріне деген құштарлық арқылы көркемдік қызығушылық, қажеттілік, талғам; әр түрлі қызмет түрлері мен формаларындағы шығармашылық қабілеттер; бейнелеу және басқа да өнер түрлерімен қарым-қатынастың әртүрлі формаларында көркем-бейнелі ойлау; бірлескен шығармашылық қызмет процесінде студенттермен және оқытушылармен қарым-қатынас жасау қабілеті; таным мен тұрақты дамуға қабілеттілік пен ұмтылыс жатады. Студенттердің эстетикалық мәдениетінің деңгейі шығармашылық қызметке деген қажеттіліктің пайда болуымен, шығармашылық және орындаушылық қызметке деген қызығушылық пен тұрақты мотивацияның қалыптасуымен, эстетикалық мәдениеттің деңгейін жоғарылатумен және шығармашылық қиялдың дамуы арқылы көрінеді. Бұл критерийлердің әр-

қайсысы интегративті, көркем және эстетикалық тәрбиенің бірнеше компоненттерін біріктіретіндігі анықталды.

«Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы бойынша білім алатын студенттерді оқыту бағдарламаларында нақты бейнелеу өнері пән ретінде оқытылымаса да, бейнелеу өнерінің элементтері педагогикалық шеберлік, арт-педагогика, жобалау сынды пәндерді оқытуда қолданылады.


Болашақ әлеуметтік педагогтердің эстетикалық мәдениетін бейнелеу өнері арқылы қалыптастыруға келесідей шарттар жасалу қажет:

- ЖОО-да рухани атмосфера құру;
- оқу-тәрбие процесін жеке шығармашылық түрде ұйымдастыру;
- студенттерді белсенді шығармашылық қызметке тарту;
- ЖОО-ның әлеуметтік-мәдени тәрбие кеңістігі деңгейіндегі ұжымдық өзара іс-қимыл процестері мен оның жұмыс істеу жүйесін негіздеу.

Сауалнама бейнелеу өнеріне негізделген 10 сұрақты қамтыды. Сауалнама сұрақтары белгілі бір көрсеткіштердің маңыздылығына қатысты автордың субъективті бағасын көрсетеді. Алайда, ұжымдық сараптамалық бағалау жеке бағалаумен салыстырғанда, сауалнамалардың сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Сол себепті сауалнаманың салыстырмалы маңыздылығын анықтау мақсатында сұрақтарды саралауға негізделген сараптамалық бағалауды өңдеудің статистикалық әдістерін қолдандық. Бұл әдіс эстетикалық мәдениет деңгейін анықтау мәселелерінің маңыздылығын бағалау үшін қолданылды.

Сауалнамаға қатысушы студенттердің жауап нәтижелеріне сәйкес, ең төменгі ұпай 0, ең жоғарғы ұпай (әр сұраққа 2 ұпайдан) 20 ұпай болып белгіленді.

Эстетикалық мәдениеттің ұпайларын жіктеуде, эстетикалық мәдениеттің деңгейін анықтау бойынша сауалнама сұрақтарынан аз ұпай жинаған студенттер эстетикалық мәдениеті төмен топқа жатқызылса, ортадан жоғары (15 ұпайдан жоғары) балл алған студенттер эстетикалық мәдениеті жоғары деңгейге жатқызылды, ал осы ұпайлар арасындағы мәндер орта деңгейге жатқызылады. Зерттеу тәжірибесіне қатысушы студенттердің әр түрлі курстан болуы эстетикалық мәдениет көрсеткіші бойынша әртүрлі деңгейлерге кіретін студенттер санының өзгеруін зерттеуге мүмкіндік береді. Студенттердің эстетикалық мәдениетінің деңгейін курс бойынша анықтау нәтижелері 2-суретте көрсетілген. Байқағанымыздай, студенттердің оқу курсы жоғарылаған сайын, эстетикалық мәдениетінің деңгейі де жоғары болып отыр. Бұдан, эстетикалық мәдениетті бейнелеу өнері арқылы қалыптастыруды 1-курстан бастау керектігін аңғарамыз.



2-сурет. Әр курс бойынша студенттердің эстетикалық мәдениетінің деңгейін анықтау сауалнамасының нәтижелері

Сауалнама нәтижелерінен соң, бақылау және эксперименттік топтағы студенттерге бейнелеу өнері бойынша семинар-практикум жүргізілді. Семинар-практикумды жеке-меншік бейнелеу өнері студиясының мамандары жүргізді. Семинар-практикум барысында студенттер бейнелеу өнері саласы мамандарынан бейнелеу өнері сауаттылығының негіздері, эстетикалық талғамды қалыптастыру, әлемдік көркем мәдениет тақырыптары бойынша жаңа ақпараттармен танысып, бейнелеу өнерінің бірнеше шығармаларымен танысты. Сондай-ақ студенттер бейнелеу өнерінің туындыларын өз мүмкіндіктерінше салып, суретші маманмен бірге ондағы ойды, эстетикалық көркемділікті талдады.

Сондай-ақ эксперименттік топ студенттеріне «Әлеуметтік педагогтің эстетикалық мәдениетін қалыптастыру» тақырыбында 10 сағаттық қысқа курс жүргізілді. Курс күніне 50 минуттан 10 күн, дәріс және семинар форматында жүргізілді.

Курс мазмұны әлеуметтік педагог мамандарын даярлайтын жоғары оқу орындарының студенттерін кәсіби қызметке даярлау жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде құрастырылды. Курстың мақсаты – болашақ әлеуметтік педагогтердің бойында эстетикалық тәрбие мен тұлғаның эстетикалық мәдениетін қалыптастыру бойынша теориялық және практикалық білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

Курсты жүргізу барысында мынадай міндеттерді шешу көзделді:

- болашақ әлеуметтік педагогтерге тұлғаның эстетикалық мәдениетін қалыптастыру процесінің мәні, мазмұны және ерекшелігі туралы идеяларды қалыптастыру;
- болашақ әлеуметтік педагогтерді эстетикалық тәрбиелеу бойынша білім беру және мәдениет мекемелерінің жұмыс тәжірибесімен таныстыру;

– студенттің эстетикалық мәдениетін қалыптастыру мақсатында білім беру мекемелерінде ең көп сұранысқа ие білім беру технологияларын зерттеу;

– студенттің көркемдік-эстетикалық даму деңгейін анықтау үшін диагностика әдістерін игеру;

– білім беру ортасы жағдайында болашақ әлеуметтік педагогтердің эстетикалық мәдениетін қалыптастыру технологиясы мен әдістерін меңгеру.

Курс бағдарламасының мазмұны дәріс сабақтарының қысқаша сипаттамасын береді. Курс материалдары студенттердің эстетикалық тәрбиесі мен дамуын жүзеге асыру үдерісіндегі жаңа тұжырымдамалық тәсілдерге, озық педагогикалық тәжірибеге негізделеді. Бағдарламада тұлғаның эстетикалық мәдениетін қалыптастырудың шетелдік тәжірибелері мен осы мәселе бойынша еліміздегі жұмыс жүйесі ұсынылған.

Кесте 1


Курс бағдарламасы

№	Тақырып	Лекция/семинар саны
1	Эстетикалық мәдениетті қалыптастырудың теориялық мәселелері	1
2	Эстетикалық мәдениет типологиясы	1
3	Тұлғаның эстетикалық мәдениетінің қалыптасу динамикасы, құрылымы	1
4	Тұлғаның эстетикалық мәдениеті дамуының әлеуметтік-педагогикалық диагностикасы	1
5	Қазіргі білім беру контекстінде тұлғаның эстетикалық мәдениетін қалыптастыру	1
6	Студенттердің эстетикалық мәдениетін қалыптастырудың шетелдік тәжірибесі	1
7	Эстетикалық мәдениетті қалыптастыру бойынша Қазақстан Республикасының тәжірибесі	1
8	Бейнелеу өнері эстетикалық мәдениетті қалыптастыру құралы ретінде	1
9	Әлеуметтік педагог қызметіндегі бейнелеу өнерінің мүмкіндіктері	1
10	Бейнелеу өнері арқылы эстетикалық мәдениетті қалыптастыру кәсіби деформацияның алдын алу	1

Курс соңында эксперименттік топтағы студенттердің курстан алған білімдері бағаланып, курсқа дейінгі жүргізілген сауалнама қайта жүргізілді. Сонымен қатар, эксперименттік және бақылау топқа жағдаяттық аяқталмаған сөйлем әдісі қолданылды.

Әдістемелердің нәтижесінде, эксперименттік топтағы 1-4 курс студенттерінің жалпы көрсеткіші бойынша эстетикалық мәдениеттің жоғарғы деңгейіне ие болған

студенттердің саны 29-74% арасында қосымша 12-22% артып, төменгі деңгей 10-18%-ға азайған (3-сурет).



3-сурет. Курстан кейінгі эксперименттік топ студенттерінің эстетикалық мәдениетінің көрсеткіші

Осылайша, болашақ әлеуметтік педагогтердің эстетикалық мәдениетін қалыптастыруда зерттеу барысында құрастырған курс бағдарламасы мен бейнелеу өнерінің ерекшеліктері туралы ақпараттандыратын семинар-практикумның оң әсері болғанын байқай аламыз.

Қорытынды. Әлеуметтік педагог маманы білім беру мекемелерінде қызмет атқаратындықтан, оның кәсіби іс-әрекеті үшін шығармашылық ойлау ерекше қажет. Ал эстетикалық мәдениет шығармашылық ойлауды дамытудың маңызды бір жолы. Эстетикалық мәдениетті қалыптастыру жолдары мен құралдары көп. Дегенмен, бейнелеу өнері сызу, кескіндеу, сурет салу негізінде сурет салушыға тыныштық сыйлайтындықтан, эстетикалық мәдениетті қалыптастыруда тиімді бола алады. Сондай-ақ, болашақ әлеуметтік педагогтің жеке басының эстетикалық мәдениетін қалыптастыру процесі эстетикалық мәдениеттің жай-күйін, оның даму критерийлері, параметрлері мен деңгейлері арқылы үнемі жұмыс жасауды қажет етеді.

Зерттеудің тәжірибелік бөліміндегі бейнелеу өнері туралы білім алу барысында студенттер бейнелеу өнері туындыларындағы «ойды оқуға», шығарманың туындауына жұмсалған еңбекті байқау, туындыдағы негізгі идеяны ашуға үйренді. Бұл дағды болашақ әлеуметтік педагогтердің өз қызметі барысында көмекке мұқтаж баланы, ата-ананы немесе педагогті байқауына, сондай-ақ өзінің кәсіби деформациясының алдын алуға үлкен мүмкіндік жасайды. Сондай-ақ эксперименттік топ студенттеріне жүргізілген семинар-практикум эстетикалық мәдениеттің келесідей құрылымдық компоненттерін:

– когнитивті: бейнелеу өнерінің әртүрлі жанрларындағы негізгі эстетикалық категорияларды, эстетикалық қатынастар категорияларын, өнер туындыларын, тақырыпты, ережелерді, әдістерді және композиция құралдарын эстетикалық талдауды тәжірибеге бағытталған білім жүйесін;

– технологиялық: сурет, кескіндеме және композицияларды орындау процесіне білім алушыларды қосу негізінде жеке бағдарланған тәсілдер, дағдылар, қайталанбас тәжірибені меңгеру арқылы тұлғаның эстетикалық мәдениеттің белгілі бір деңгейіне жетуі);

– эмоционалды-құндылықтық: эстетикалық мәдениеттің қажеттіліктерін дамыту және құндылықтарын түсіну, эстетикалық мәдениет әлеміне ену арқылы жеке кәсіби қалыптасудың эмоционалды тәжірибесін қалыптастыруға ықпал етті.

Сондай-ақ студенттерге жүргізілген сауалнама мен жағдаяттық анкетаның жауаптарын өңдеуде «Әлеуметтік педагогтің эстетикалық мәдениетін қалыптастыру» тақырыбында жүргізілген 10 сағаттық қысқа курс та студенттердің эстетикалық мәдениетпен танысып, оның ерекшеліктерін өз бойларына қалыптастыруына оң әсер тигізгендігін байқадық.

Жалпы қорытындылай келе, зерттеу жұмысында жүргізілген әдістемелер, курс бағдарламасы мен сауалнамалар болашақ әлеуметтік педагогтердің эстетикалық мәдениетін бейнелеу өнері арқылы қалыптастырудың жалғыз ғана шешімі емес. Зерттеу тақырыбының ауқымы кең болғандықтан, тақырып әлі де көптеген зерттеулерді қажет ететіндігін, болашақта әлеуметтік педагогтердің эстетикалық мәдениетін қалыптастырудың әртүрлі тиімді жолдарының анықталуы мүмкін екендігін алға тартқымыз келеді.

Авторлар үлесі

Е.А. Иманбакиев – жұмыс нәтижелерін жинау, талдау және түсіндіру; мәтін жазу және оның мазмұнын сыни тұрғыдан қайта қарау; жұмыстың барлық аспектілері үшін жауап беру, деректердің дұрыстығына немесе мақаланың барлық бөлігіне қатысты мәселелерді дұрыс зерттеу.

Н.С. Алгожаева – зерттеу жұмысының концепциясын құру және ғылыми жетекші ретінде жариялауға арналған мақаланың соңғы нұсқасын бекіту.

Әдебиеттер тізімі

1. Касымова Р.С. Әлеуметтік педагогтың жұмыс технологиясы: Оқу құралы. - Алматы: ҚазҰУ, 2020. – 200 б.

2. «Педагог» кәсіптік стандартын бекіту туралы [Электронды ресур] – 2022. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200031149#z62> (қаралған күні: 08.11.2023)

3. Боранқұлов Е.Қ. Болашақ бейнелеу өнері мұғалімдерін оқушылардың эстетикалық мәдениетін қалыптастыруға даярлаудың маңыздылығы // Инженерлік графика мен кәсіби білім проблемалары. Ғылыми-педагогикалық журнал. – 2010. - Т.4. – №4. – 96-105 бб.

4. Алмаханова Х. Жасөспірімдерге эстетикалық тәрбие беру ерекшеліктері. Әдістемелік нұсқау. – Алматы: Жайран, 1990. – 42 б.

5. Мейрамов Н.М.. Эстетикалық мәдениеттің қалыптасу негіздері. – Алматы: Талап, 2015. – 75 б.

6. Абдигапбарова У.М. Подготовка студентов к использованию казахского национального орнаментального искусства в воспитании учащихся: автореф. дисс.канд.пед.наук. - Алматы, 1998. - 20 с.

7. Рабилова З.Ж. Пленэрная практика в системе художественного образования // Омский научный вестник. Серия: Общество. История. Современность. - 2015. - № 1 (135). - С. 135-138.

8. Батчаева З.С. Формирование творческой активности студентов художественно-графических факультетов в процессе занятий национальной вышивкой карачаевцев и балкаров: автореф. дис. канд. пед. наук: 13.00.02 / Москва, 2005. - 17 с.

9. Козыбаков М.Ж. Проблемы профессионально-методической подготовки учителей художественного труда. - Алматы: Рауан, 1996. - 285 с.

10. Узакбаева С.А. Кожаметова К.Ж. Использование материалов казахской этнопедагогике при изучении педагогических дисциплин (Дополнения к содержанию программы курса педагогики и методики воспитательной работы). - Алматы, 1997. - 81 с.

Е.А. Иманбакиев, Н.С. Алгожаева

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Формирование эстетической культуры будущих социальных педагогов путем изобразительного искусства

Аннотация. В статье рассматриваются возможности, значимость формирования эстетической культуры будущих социальных педагогов через изобразительное искусство. Эстетическая культура как часть культурной компетенции социального педагога способствует реабилитации обучающихся, оказавшихся в различных жизненных ситуациях, помощи им в принятии эффективных решений, социальной педагогической поддержке родителей обучающихся, поддержанию комфортной обстановки в педагогическом коллективе. Хотя история исследований в области формирования эстетической культуры студентов глубока, будущие социальные педагоги должны эффективно использовать ее в своей деятельности, формировать эстетическую культуру через изобразительное искусство как предмет нового исследования, который требует исследований и опыта. Проведен анализ понятия эстетической культуры, рассмотрена структура эстетической культуры в научных трудах. По проблеме исследования были проанализированы труды отечественных и зарубежных ученых. В ходе проведения эксперимента с помощью анкетирования был определен уровень эстетической культуры будущих социальных педагогов. Для студентов экспериментальной группы проведен короткий курс, составленный авторами, и семинар-практикум от специалистов изобразительного искусства. Темы курса охватывают основные понятия эстетической культуры и возможности изобразительного искусства в деятельности социального педагога, особенности его применения. На семинаре-практикуме студенты познакомились с художественными произведениями, дополнили свои знания, связанные с передачей своих мыслей, настроений через приемы изобразительного искусства. Проанализированы результаты исследовательской практики, определена эффективность курса и семинара-практикума в формировании эстетической культуры будущих социальных педагогов через изобразительное искусство, сделаны выводы.

Ключевые слова: будущий социальный педагог, формирование эстетической культуры, изобразительное искусство.

Y.A. Imanbakiyev, N. S. Algozhayeva

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Formation of aesthetic culture of future social educators by means of fine art

Abstract. The article examines the possibilities and importance of forming the aesthetic culture of future social educators through fine art. Aesthetic culture as part of the cultural competence of a social pedagogue contributes to the rehabilitation of students who find themselves in various life situations, helping them make effective decisions, social pedagogical support for parents of students, maintaining a comfortable environment in the teaching staff. Although the history of research in the field of formation of aesthetic culture of students is deep, future social educators should effectively use it in their activities, form aesthetic culture through fine art, as a subject of new research, requires research and experience. The analysis of the concept of aesthetic culture is carried out, the structure of aesthetic culture in scientific works is considered. The works of domestic and foreign scientists were analyzed on the problem of the study. During the experiment, the level of aesthetic culture of future social educators was determined using a questionnaire. The students of the experimental group were given a short course compiled by the authors and a workshop from fine art specialists. The course topics cover the basic concepts of aesthetic culture and the possibilities of fine art in the activities of a social pedagogue, and the specifics of its application. At the workshop, students get acquainted with the works of art, supplemented their knowledge related to the transmission of their thoughts and moods through the techniques of fine art. The results of the research practice are analyzed, the effectiveness of the course and the workshop in the formation of the aesthetic culture of future social educators through fine art is determined, conclusions are drawn.

Keywords: future social pedagogue, formation of aesthetic culture, fine art.

References

1. Kasymova R.S. Aleumettik pedagogtyn jumys tehnologiasy [Technology of work of a social pedagogy] (KazUU, Almaty, 2020, 200 p.) [in Kazakh]
2. "Pedagog" kasiptik standartyn bekitu turaly [On approval of the professional standard "Teacher"] [Electronic resource] - Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200031149#z62> [in Kazakh] (accessed 08.11.2023)
3. Boranqulov E.Q. Bolashak beineleu oneri mugalimderin oqushylardyn estetikalik madenietin qalyptastyrugа dayarlaudyn manyzdylygy. Inzhenerlik grafika men kasibi bilim problemalary [The importance of preparing future teachers of Fine Arts for the formation of aesthetic culture of students. Problems of engineering graphics and professional knowledge], (4), 96-105 (2010) [in Kazakh]
4. Almakhanova Kh. Zhasospirimderge estetikalik tarbie beru erekshelikteri [Features of aesthetic education of adolescents] (Zhairan, Almaty, 1990, 42 p.) [in Kazakh]
5. Meyramov N.M. Estetikalik madenietin qalyptasu negizderi [Fundamentals of the formation of estic culture] (Talap, Almaty, 2015, 75 p.) [in Kazakh]
6. Abdigapbarova U.M. Podgotovka studentov k ispolzovaniyu kazakhskogo nacional'nogo ornamental'nogo iskusstva v vospitanii uchasnikhsya: avtoref.diss.cand.ped.nauk [Preparation of students for the use of Kazakh national ornamental art in the education of students: abstract. diss.candidate of pedagogical sciences] Almaty, 1998. P.20. [in Russian]

7. Rabilova Z.Zh. Plenernaya praktika v sisteme khudozhestvennogo obrazovaniya, Omskii nauuchnyi vestnik. Seriya: Obshestvo. Istoriya. Sovremennost. [Plein-air practice in the art education system, Omsk Scientific Bulletin. Series: Society. History. Modernity.], 1 (135), 135-138 (2015). [in Russian]

8. Batchaeva Z.S. Formirovanie tvorchaeskoj aktivnosti studentov khudozhestvenno-graficheskikh fakul'tetov v processe zanyatii nacional'noi vyshivkoi karachaevcev i balkarov: avtoref.diss.cand.ped.nauk [Formation of creative activity of students of art and graphic faculties in the process of studying national embroidery of Karachay and Balkars: abstract of the dissertation of the Candidate of Pedagogical Sciences] (13.00.02, Moscow, 2005, P.17) [In Russian]

9. Kozibakov M.J. Problemi professionalno_metodicheskoi podgotovki uchitelei hudojestvennogo truda. [Problems of professional and methodological training of teachers of art work] (Rauan, Almaty, 1996, 285 p.). [in Russian]

10. Uzakbaeva S.A. Kojahmetova K.J. Ispolzovanie materialov kazahskoi etnopedagogiki pri izuchenii pedagogicheskikh discipline. Dopolneniya k sodержaniyu programmi kursa pedagogiki i metodiki vospitatelnoi raboti [The use of materials of Kazakh ethnopedagogics in the study of pedagogical disciplines. Additions to the content of the curriculum of pedagogy and methods of educational work] (Almaty, 1997, 81 p.) [in Russian]

Авторлар туралы мәлімет

Иманбакиев Е.А. – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Педагогика және білім беру менеджменті» кафедрасының 2 курс докторанты, Масанчи 39 көшесі, Алматы қаласы, Қазақстан.

Алгожаева Н.С. – педагогика ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Педагогика және білім беру менеджменті» кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, профессор м.а., Масанчи 39 көшесі, Алматы қаласы, Қазақстан.

Сведения об авторах

Иманбакиев Е.А. – докторант 2 курса кафедры «Педагогика и образовательный менеджмент», Казахский национальный университет имени аль-Фараби, улица Масанчи, 39, Алматы, Казахстан.

Алгожаева Н.С. – кандидат педагогических наук, доцент, и.о. профессора, заведующая кафедрой «Педагогика и образовательный менеджмент», Казахский национальный университет имени аль-Фараби, улица Масанчи, 39, Алматы, Казахстан.

Information about authors

Imanbakiyev YA. – 1st second doctoral student of the Department of "Pedagogy and Educational Management" of Al-Farabi Kazakh National University, 39 Masanchi Street, Almaty, Kazakhstan.

Algozhayeva N.S. – candidate of pedagogical sciences, Associate Professor, head of the Chair Pedagogical Sciences, Associate Professor of the Department of "Pedagogy and Educational Management" of Al-Farabi Kazakh National University, 39 Masanchi Street, Almaty, Kazakhstan.